


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 617	▲ 0,08%	▲ 12,8%
NASDAQ	22 018	▲ 0,10%	▼ -5,2%
DJIA	46 584	▼ -0,18%	▲ 9,9%
CBOE Volatility Index (VIX)	26	▲ 6,66%	▲ 43,8%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 349	▼ -0,84%	▲ 25,3%
DAX	1 959	▼ -0,99%	▲ 14,8%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 117	▲ 0,00%	▲ 28,0%
Nikkei 225	56 105	▲ 5,04%	▲ 40,6%
Shanghai SE	3 890	▼ -0,74%	▲ 19,2%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 710	▼ -0,30%	▲ 35,8%

## Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сейсенбі күні қор нарықтары аралас динамикамен жабылды: S&P 500 индексі 0,08%-ға өсіп, 6 616,85 пунктке жетті; Nasdaq Composite 0,10%-ға көтеріліп, 22 017,85 пунктке құрады; ал DJI 0,18%-ға төмендеп, 46 584,46 пункт болды. S&P 500 индексында 11 сектордың 6-ы сауда барысында төмендеу көрсетті. Ең көп төмендеген секторлар Consumer Discretionary (-1,7%), Consumer Staples (-1,6%) және Industrials (-0,5%) болды. Ал өсім көрсеткен секторлар қатарында Energy (+0,7%), Information Technology (+0,4%) және Utilities (+0,2%) бап.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 521 934 197 877	▲ 0,1%	▼ -2,6%	▲ 49,4%
Consumer Discretionary	6 105 270 372 597	▼ -1,7%	▼ -4,9%	▲ 24,1%
Consumer Staples	3 464 348 050 199	▼ -1,6%	▼ -6,3%	▲ 1,2%
Energy	2 193 165 845 414	▲ 0,7%	▲ 8,4%	▲ 56,5%
Financials	7 744 872 682 033	▲ 0,2%	▼ -0,6%	▲ 18,6%
Industrials	5 018 886 957 345	▼ -0,5%	▼ -3,8%	▲ 43,8%
Information Technology	18 955 572 892 363	▲ 0,4%	▲ 0,2%	▲ 131,3%
Materials	1 172 452 211 783	▲ 0,2%	▲ 1,1%	▲ 41,9%
Real Estate	1 132 039 084 426	▲ 0,1%	▼ -3,1%	▲ 5,3%
Utilities	1 301 295 429 940	▲ 0,2%	▲ 1,0%	▲ 25,1%
Health Care	5 160 276 312 338	▲ 0,2%	▼ -2,8%	▲ 11,7%

Америкалық қор нарықтары сейсенбі күні Тауау Шығыстағы қақтығыс бойынша келіссөздерде ілгерілеу белгілерінің пайда болуы аясында аралас динамикамен жабылды. Инвесторлар сақтық танытты, өйткені АҚШ президенті Дональд Трамп Иранға Ормуз бұғазын ашу үшін белгіленген мерзімнің аяқталуына аз уақыт қалған еді.

Нарықтағы көңіл-күйге Дональд Трамптың АҚШ Иранға жоспарланған соққыларды екі аптаға кейінге қалдыру туралы шешім қабылдағаны жөніндегі мәлімдемесі қолдау көрсетті. Өз кезегінде, Тегеран шартты түрде атысты тоқтатуға дайын екенін білдірді. Сонымен қатар, Трамптың айтуынша, Вашингтон Ираннан он тармақтан тұратын ұсыныс алған, ол әрі қарайғы келіссөздер үшін негіз ретінде қарастырылуда. Бұл жаңалықтар қақтығыстың деэскаляциясына деген үмітті күшейтіп, инвесторлардың көңіл-күйін жақсартты.

Мұнай нарығы бұл сигналдарға айтарлықтай күрт реакция білдірді. Геосаяси шиеленістің төмендеуіне қатысты күтулер аясында америкалық мұнай фьючерстері шамамен 15%-ға төмендеп, барреліне 96,31 долларды құрады, ал Brent маркалы мұнай бағасы 13%-ға төмендеп, 95,36 долларға дейін түсті. Жалпы алғанда, АҚШ-тың Иранға соққыны кейінге қалдыру және дипломатиялық реттеуге басымдық беру туралы шешімінің кейін геосаяси тәуекел сыйақысының қысқаруына байланысты мұнай бағасы 12%-дан астам төмендеді.

Корпоративтік жаңалықтар аясында инвесторлардың назары Intel акцияларына аударды. Компания Илон Масктің SpaceX және Tesla компанияларымен бірлесіп жүзеге асыратын TeraFab жобасына қосылатынын жариялады. Жоба робототехника және деректерді өңдеу орталықтары үшін қолданылатын жасанды интеллект чиптерін әзірлеуге арналған инфрақұрылым құруды көздейді. Осы жаңалықтар аясында Intel акциялары 4%-дан астам өсіп, технологиялық сектордағы негізгі өсім көшбасшыларының біріне айналды.

Сонымен қатар, АҚШ-тың макроэкономикалық деректері нарыққа тежегіш әсер етті. Сауда министрлігінің мәліметіне сәйкес, ақпан айында ұзақ мерзімді тауарларға жаңа тапсырыстар сарапшылар күткеннен де қатты қысқарды, бұл экономикалық белсенділіктің баяулауы мүмкін деген алаңдаушылықты күшейтті. Бұған қоса, Чикаго Федералдық резерв банкінің президенті Остин Гулсби ұзаққа созылған қақтығыс инфляцияны күшейтіп, экономикалық өсімді баяулатуы мүмкін екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл стагфляциялық тәуекелдерді арттырып, Федералдық резерв жүйесінің алдағы шешімдерін қабылдауды күрделендіруі мүмкін.



KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	380	▼ -2%	▲ 38,6%
Банк ЦентрКредит	4 531	0%	▲ 97,7%
Kcell	3 310	0%	▼ -2,1%
Қазатомпром	37 500	▼ -1%	▲ 83,4%
ҚазТрансОйл	1 227	▼ -1%	▲ 49,1%
КЕГӨК	1 441	▼ -1%	▼ -5,2%
Kaspi.kz	35 985	▲ 1%	▼ -34,4%
ҚазМұнайГаз	31 527	0%	▲ 115,5%
Эйр Астана	715	0%	▼ -37,4%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	468,03	▲ 0,96%	▼ -7,6%
RUB/KZT	5,85	▲ 0,01%	▼ -8,6%
CNY/RUB	10,96	▼ -4,10%	▼ -0,3%
EUR/USD	1,1594	▲ 0,46%	▼ -1,1%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.